

Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 10 сәуірдегі № 130 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 584 "Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің заттай нормаларын бекіту туралы" бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс департаменті:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр генерал-майор

Ш. Әрінов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2025 жылғы 10 сәуірдегі
№ 130 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің заттай нормалары

№ 1 норма. Құлақтандырудың техникалық құралдары кешендерінің тиесілілігі

P/c №	Норманың атауы	Өлшем бірлігі	Республикалық деңгей	Астана, республикалық маңызы бар қалалар, облыс орталықтары	Облыстық бағыныстағы қалалар, аудан орталықтары	Кенттер, ауылдар	Объектілік деңгей (жергілікті құлақтандыру жүйесі)	Қызмет мерзімі
1	Құлақтандыру жүйесін басқару пульті (халықты құлақтандырудың соңғы құралдарын іске қосу және монитормінгілеу аппаратура-сы)	жиынтық	2	3	2	1	1	12 жыл
2	Теле-, радиохабарларды қармаудың техникалық құралдарын ыңкешені	жиынтық	1	1	1			12 жыл
3	Абоненттердің циркулярлық шақырудың аппараттық-бағдарламалық кешені	жиынтық	2	3	2	1		12 жыл
	G S M арналары бойынша CellBroadcast технология							

4	я с ы арқылы тарату ауқымы к е ң мәтіндік хабарлама ларды тарататын техникалы қ құралдар кешені	жиынтық	Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін әрбір ұялы байланыс операторына 1 жиынтық	7 жыл
---	--	---------	--	-------

Құлақтандырудың техникалық құралдары кешендері талап етілетін көлемдерінің ұсынылған есептеулері үлгілік болып табылады және қолданылатын жабдықты өндірушілердің модельдеріне, қосу схемаларына және басқару тәсілдеріне тәуелді емес.

№ 2 норма. Халықты құлақтандырудың соңғы құрылғыларының тиесілілігі

Р/с №	Әкімшілік-аумақты қ құрылыс	Өлшем бірлігі	Х а л ы қ т ы құлақтандырудың с о ң ғ ы құрылғыларының нормативтік тиесілілігі	Қызмет мерзімі
1	Қалалық көп қабатты құрылыс (9 қабат және одан жоғары)	жиынтық	500 м радиуста құлақтандыру үшін (ауданы 0,8 км ²) 1 сиреналық-сөйлеу құрылғысы	12 жыл
2	Қалалық орта қабатты құрылыс (5 -тен 9 қабатқа дейін)	жиынтық	800 м радиуста құлақтандыру үшін (ауданы 2 км ²) 1 сиреналық-сөйлеу құрылғысы	12 жыл
3	Қалалық аз қабатты және ауылдық құрылыс (1-3 қабатты үйлер, 5 қабатқа дейін)	жиынтық	1300 м радиуста құлақтандыру үшін (ауданы 5,3 км ²) 1 сиреналық-сөйлеу құрылғысы	12 жыл

Халықты құлақтандырудың соңғы құрылғыларының талап етілетін көлемдерінің есептеулері (қуаты 600 Вт–тан кем емес) үлгілік болып табылады және қолданылатын жабдықтың өндірушісінің моделіне, қосу схемаларына және басқару тәсілдеріне тәуелді емес.